



# Сыр бойы

№4  
(20678)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

9 қаңтар, сейсенбі 2024 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz / www.syrboiy.kz

www.facebook.com/syrboiy.kz/

www.instagram.com/syrboiy\_kz

https://twitter.com/syrboiy

t.me/syrboiy\_kz

## СҰХБАТТАН КЕЙІНГІ СӨЗ




Фото: Аиық Әбдіқалиев

## ҰСАҚ-ТҮЙЕККЕ АЛДАНЫП, ҰЛТ БАҒДАРЫНАН ЖАҢЫЛУҒА БОЛМАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың республикалық «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбаты еліміздің болашағы тұрғысында қуатты идеологиялық ақпарат болды. Сұхбатта көптеген мәселе қамтылған. Көпшілікті толғандырып жүрген сауалдарға жауап берілген.

Соның ішінде Қазақстанның көршілерімен жақсы қарым-қатынасты сақтауға және жаһандық деңгейде әртүрлі елдермен сындарлы серіктестік орнатуға ұм-

тылатын теңгерімді сыртқы саясат жүргізе беретіні айтылған. Ресей мен Қытай тарихи көрші, олармен маңызды дипломатиялық қарым-қатынастарды сақтап қа-

латынымыз саяси позитивті тұрғыда жеткізілген. Шынымен қазір әлемдегі халықаралық қатынастардың динамикасы қанша өзгергенімен, халықаралық аренада көптеген іс-шара жасалып, көптеген жоһар орындалды. Дипломатияның арқасында шешіліп отырған, бейбіт өмірді сақтап қалдық.

Ең бастысы – ішкі тыныштық. Бейбітшілік әртүрлі өлшемдерді, соның ішінде әлеуметтік, сая-

си, экономикалық және жеке аспектілерді қамтиды. Президент осыған қатысты көптеген факторларды жекелеп түсіндірген. Бұған қатысты мәселелердің түпкі себептерін жоюға бағытталған, әлеуметтік әділеттілікті, экономикалық дамуы және отбасы құқықтарын қамтамасыз етуді қамтитын реформалар жүргізіледі.

2-бет

## САПАР

## ҚАРМАҚШЫ: БЕЛСЕНДІЛІК БИІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ



Суреттерді түсірген Бағдат Есқалиев

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес Қармақшы ауданының «III Интернационал», Төребай би және «Ірікөл» ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесті. Оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов пен Мархабат Жайымбетов қатысты.

Президент барлық деңгейдегі әкімдерге жыл бойы халықпен кездесулер өткізіп, оларды толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аударуы, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдары туралы хабарлар етуді және мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімін түсіндіруді тапсырғаны белгілі.

Аймақ басшысы кездесуде өткен жылғы жетістіктерді саралап, атқарылатын жұмыстар мен алдағы міндеттерге тоқталды.

– Өткен жыл еліміз және Сыр өңірі үшін жақсы жаңалықтарға, баянды бастамаларға толы,

нәтижелі кезең болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы қазан айындағы арнайы жұмыс сапары кезінде өңірде атқарылған жұмыстармен танысып, оң бағасын берді. Облыс үшін маңызды мәселелерге қатысты тарихи шешімдер қабылданды.

Аймақта экономиканың барлық негізгі көрсеткіштерінде өсім бар. Өңірлер арасында тамыз айынан бері үздіктер қатарында – алғашқы үштіктеміз. Осыдан бір жарым жыл бұрын облыс бюджеті 387 млрд теңгені құраса, облыстық мәслихат сессиясында 2024 жыл-

дың бюджеті 650 млрд теңге болып бекітілді. Жыл соңына дейін салық түсімдерін арттырып, жаңа өндіріс орындарын ашу арқылы бюджетті 700 млрд теңгеден асырамыз. Бұған резервтеріміз бар. Соңғы жылдары аймағымыз қаржыны құрылыс алаңына айналып, республика бойынша алдыңғы қатардамыз. 2023 жылы 177 жобаны жүзеге асыруға 87,1 млрд теңге бөлінді, 2022 жылмен салыстырғанда 3,5 есе артты. Быыл 110 құрылыс нысанын салуға 94,5 млрд теңге бөлінді. Қаражат жыл аяғына дейін едәуір көбейеді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Кездесуде Төребай би ауылының еңбек ардагері Жақсылық Жалғасбаев тілектестік білдірді. Сондай-ақ ардагерлер мен ауыл азаматтарына қоғамдық жұмыстағы белсенділігі, ауылды дамытуға қосқан үлесі үшін марапат тапсырылды.

## ӨРКЕН

## ҮШЕМ ҮЙНЕ ШЫҚТЫ

Сыр жұртшылығы үшін жаңа жыл қуанышты жаңалықпен басталды. Облыстық перинаталдық орталықта үшем дүниеге келді. Біршама уақыт дәрігерлер бақылауында болған нәрестелер үйіне шығарылды.



Ұл бала мен екі қыз бала жүктіліктің 33-аптасында өмір есігін ашты. Нәрестелердің туған кезде салмағы 1830, 1670 және 1200 грамм. Қазіргі кезде сәбилердің де, анасының да жағдайы жақсы. Қазбекөтер әулетінің үлкендері, яғни, ата-әжесі немерелеріне Әлинұр, Адина, Медина деп ат қойды.

Үшемді дүниеге әкелген 28 жастағы Қызылорда қаласының тұрғыны Ақбота Әбсаттар қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау бөлімінде бас маман болып жұмыс істейді. Бұл екінші жүктілігі, алдында 2 жасар Жантөре атты ұлы бар.

Ақбота өзінің жүктілігі туралы 6-аптада білген. Дәрігерлер алғашқы тексеруде егіз болуы мүмкін екенін болжады, бірақ 8-аптада үшем екенін растаған.

«Бұл мен үшін күтпеген жаңалық болды. Қуаныш пен қорқыныш сезімі болғанын жасырмаймын, жүктілік қалай өтеді, балалардың дамуы, жетілуі қалай болады деп уайымдадым» дейді жас ана.

Жалпы өңірде туу көрсеткіші бойынша айтарлықтай өсім бар. Атап айтқанда, облыстық перинаталдық орталықта бытыр 11133 нәресте дүниеге келген. Оның ішінде 151 егіз және 3 үшем бар.

«СБ» ақпарат

## КҮН ҚАБАҒЫ

Аймақта қаңтар айында ауа райының орташа температурасы күндіз -3, -10 градусқа дейін төмендейді. Секундына 15-20 метр жел күшейеді. Екінші онкүндіктің аяғында ауа температурасы аздап жоғарылайды. Ал үшінші онкүндікте +2 градустан +12 градусқа жетеді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Қазгидромет» РМК облыс бойынша филиалының бөлім басшысы Әйгерім Жөкелова хабарлады.

## АЙ БОЙЫ ЖАУЫН ЖАУАДЫ



Коллаж: Қ.Оралиевтің

– Алдағы күндері облыста жауын-шашынды ауа райы сақталмақ, қантарда жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп. Ауа температурасына келсек, түнде -3 градустан -15 градусқа дейін төмендеуі күтіледі. Нақтырақ айтсақ, бірінші онкүндіктің аяғы жауын-шашынды болады. Екінші онкүндіктің басында қар аралас жаңбыр жауып, қытайақ болуы ықтимал. Ал үшінші онкүндікте қалың тұман түседі. Әсіресе, солтүстіктегі аудандарда боран соғып, қатты аяз болмақ, – деді ол.

Маманның айтуынша, Қазақстанның басым бөлігіне атмосфералық фронттардың өтуіне байланысты осы тұрақсыз ауа райы сақталады. Қаңтар айының соңына дейін жалғасатын жауын-шашын (аз мөлшерде қар) мен екпінді жел ақпанда да қайталануы мүмкін.

«СБ» ақпарат

## ЖАҢА НЫСАН

## «ТАЛСУАТТЫҢ» ЖАҢА КЛУБЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласына қарасты «Талсуат» ауылдық округіндегі 150 орындық клубтың ашылу салтанатына қатысып, тұрғындарды құттықтады. Іс-шараға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов пен Мәжіліс депутаты Мұрат Ерғешбаев қатысты.

– Өңірде мәдениет пен спорт саласында ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Қызылорда халықаралық стандарттарға сай келетін Орталық стадион және жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Келесі жылы ел игілігіне табысталады. «Самұрық қазына траст» қорымен бірге құны 2,7 млрд теңге болатын үстел теннисі орталығының құрылысын бастаймыз. Аудандарда 2 млрд 600 млн теңгеге 11 денешынықтыру кешені салынады. Оның 8-і тапсырылды, қалғаны жақын күндері пайдалануға беріледі. Биыл балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында облыс орталығынан «Шығармашылық академиясы» салынады. Қазір демеушілер есебінен жоба-сметалық құжаттары әзірленуде, – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада Қазақстанның Еңбек сіңірген артисі Бақытбек Алпысбаев жерлестерін құттықтады.

Жаңа клубтың ашылу рәсімінде бірқатар азамат облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Облыста 150 орындық төрт клуб жаңадан салынып пайдалануға берілуде. Қызылорда қаласында отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүрді дәріптейтін «Анағар тағзым», «Отбасы орталығы» қызметін бастады. 1000 орындық «Өнер орталығының» құрылысы жуырда аяқталып, пайдалануға берілмек. Келер жылы 7 ауданда салтанат сарайы, кітапхана, музей, архив және жастар ардагерлер мен аналар бас қосатын «Руханият» орталықтары салынады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі





# ДҮР ОҢҒАРДА АМБУЛАТОРИЯ АШЫЛДЫ

Облыс әкімінің қатысуымен Қармақшының Дүр Оңғар ауылында жаңа амбулатория пайдалануға берілді. Іс-шарада ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев та болды.

Аймақ басшысы ауыл тұрғындарына жана нысанның ашылуымен құттықтап, отандық медицинадағы жаңашылдықтардың өнірдің денсаулық сақтау саласында қолданылуы, ауруханалардың материалдық-техникалық базасын жаңарту жайлы айтты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынуы жоспарланған 27 нысанның 15-нің құрылысы бытыр аяқталды. Жаңа жыл қарсаңында «Ақжар» және Тұрмағамбет ауылдарында дәрігерлік амбулаториялар өз қызметін бастаса, бүгін Дүр Оңғар ауылындағы амбулатория халық игілігіне табысталады.

Был облыста 21 медицина нысанының құрылысы жүргізілді. Ұлттық жобамен Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған аудандарындағы көпбейінді орталық ауруханалар жанынан қосымша ғимараттар құрылысы басталады. Ауылдарда 9 дәрігерлік амбулатория және 2 фельдшерлік-акушерлік бекет, жергілікті бюджеттен Арал ауданында «Қамқорлық» оңалту орталығы, Жаңақорған ауданы «Төменарық» ауылында ауылдық аурухана салынады. Қазір 9 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 5 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылуда. Бұл жұмыстарға 3



млрд 700 млн теңге қаралды. Облыстық психикалық денсаулық, өкпе аурулары орталықтарына күрделі жөндеу жүргізілуде. Келесі жылы облыстық жұппалы аурулар ауруханасын жөндеуге кірісеміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Құрылысты салған «Бак-Береке 2030» ЖШС ғимараттың келушілерге жайлы болуына баса мән берген. Онда тіркесу

орны, қабылдау, дәріхана, окшаулау, физиотерапиялық емдеу, ету бөлмелері, лаборатория, архив, күндізгі емдеу станциялары, жаппы тәжірибелік дәрігерлік кабинеті бар. Мүмкіндігі шектеулі жан-дар үшін қолайлы жағдай жасалған.

Іс-шарада Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов ауыл тұрғындарын құттықтаса, «Жаназол» ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақытбек Тәуекелов бата берді. Сондай-ақ мердігер мекеме өкілдері мен ауыл азаматтарының еңбегі еленіп, марапатталды.

Айта кетейік, жуырда көпбейінді облыстық аурухана жанынан 70 төсектік перинаталдық орталық халық игілігіне берілді. Қызылорда қаласында 200 төсек-орынға арналған заманауи перинаталдық орталық құрылысы басталады. Жоба құны – 30 млрд теңге. Мамыр айында «Қан орталығы» табысталады.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры аймақты құны 1 млрд 100 млн теңге тұратын онкологиялық скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етті. Мұндай кешен республика бойынша 3 облыста ғана бар. Медициналық кешен компьютерлік томограф, цифрлық рентген, ультральдықтық аппаратпен жабдықталған. Бүгінде Арал, Қазалы аудандары және Байқоңыр қаласы тұрғындарын арнайы тексерулен өткізді, жақын күндері Қармақшы ауданының халқына қызмет көрсетеді.



Сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қызылорда жылу-электр орталығының» жұмысымен танысты.



# ЖЫЛУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ҚАЛЫПТЫ

Электр және жылу энергиясын өндіру, тарату, жеткізу қызметін жабдықтаушы мекеменің негізгі қондырғылары штаттық режимде жұмыс істеуде. Барлық жылу, энергия көздерінің жұмысы сыртқы ауа температурасына қарай бекітілген кестеге сәйкес. Электр энергиясының орташа өнімі сағатына 46,3 МВт, оның ішінде өз қажеттілігіне 6,3 МВт пайдаланады, тұтынушыларға 40 МВт жіберіледі. Жылу энергиясы сағатына 132 Гкал өндіріледі. Аймақ басшысы орталықтың тұрақты әрі қалыптасуында жұмыс істеуін қатаң қадағалауды тапсырды.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының еліміздегі жылу-электр орталықтарының жұмысын жаңадандыру тапсырмасына сәйкес, Қызылордада ЖЭО құрылысы басталды. Бұл – тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынатын ең ауқымды, теңдессіз жоба. Құны 215 млрд теңге болатын орталық 2025 жылы іске қосылақ.

Жана ЖЭО электр энергиясын сырттан сатып алудан арлытып, өндірілген электр энергиясының бір бөлігін аймақтан тыс жерлерге сатуға мүмкіндік береді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



# АШЫҚ ҚҰДЫҚ АРАНЫ

Шыны сол, құлқынның құлы көбейген кезеңде елеусіз нәрседен де қауіп-қатер мен үрей артты. Қазір кез келген қалада жол бойында ашық жататын құдықтар аз кездеспейді. Оң-солын білмейтін бала түгілі, ересек адамның өзі құлауы мүмкін. Біреу үшін олжаның, біреу үшін ажалдың апанына айналған көріз құдықтары жайлы көп айтылғанымен, нәтиже аз.

Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

## ОМБУДСМЕН ӘКІМДЕРГЕ ШҮЙЛІКТІ

Өткен жылы қарашаның аяғында елімізде екі облыста қайғылы жағдай болды. Қызылорда мен Түркістан өңірінде люкке құлап, екі бала қаза тапты. Екі жағдайда да люктер әкімдіктерге тиесілі. Өзіміздегі жағдайды айтсақ, оқиға 25 қарашада, Балқы Базар көшесінде болған. Орталық көріз құдығына 8 жасар бала құлап, көз жұмды. Қазір Қылмыстық кодекстің 279-бабы 1-бөлігі бойынша іс қозғалуда. Бұл елде биыл тіркелген алғашқы оқиға емес. Оған дейін Батыс Қазақстанда 2 жасар баланың құдыққа құлап қайтыс болғаны хабарланған. Дәл осындай оқиға Қостанай облысында да тіркелді. Аталған жағдай көпшілікті елеусіз қалдырып жатқан жоқ. Тағула балалар омбудсмені Динара Закиева ашық қалған люктерге байланысты жауапкершілікті тікелей әкімдердің өздеріне артуды сұрап, уәклетті органдарға өтініш жібергенін мәлімдеді.

«Инфрақұрылым қауіпсіздігін қамтамасыз етпеген және балалардың өліміне әкелген жағдайларға жол берген кінәлі лауазымды тұлғаларды тексеріп, жауапкершілікке тарту қажет деп санаймын. Сондай-ақ осы саланы қадағалайтын жергілікті атқарушы органдардың басшылары мен аталған аудандардың әкімдерін жауапкершілікке тарту қажет деп есептеймін» деп хабарлады Динара Закиева.

Оның сөзінше, бытыр тамызда мемлекеттік органдармен бірлесі отырып,

инфрақұрылымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары, атап айтқанда, ашық люктер мәселесі көтерілген. Еліміздің вице-премьері тиісті тапсырмалар беріп, еріктілермен бірге барлық аймақтарда рейд ұйымдастыруы тиіс болған. Алайда «баяғы жартас, сол жартастың» кебі қайта болып тұр.

## КӨЛЕҢКЕЛІ КӘСІПТІҢ КЕСІРІ

Жыл сайын ашық қалған люктерге қанша адам абайсызда құлағанын, жазым болғандардың бар-жоғы жайлы деректерді әкімдіктер ұсына бермейтіні жасырын емес. Біз осы мәселені қозғар алдында қалалық тұрғын үй-коммуналдық бөліміне аталған мәселе бойынша сауал қалдырамыз. Алайда сұрауымызды жауабыңыз жолдады.

Қазір мектепке қатынайтын баласы бар отбасылардың қорқынышы үдей түсті. Себебі жыл бойында ашық жатқан көріз құдықтары болуы мүмкін, жұрт кейде әлеуметтік желіде де жарыса жазып жатады. Негізі бұл проблема елде ауқымды сипатта да көтерілген еді. 2019 жылдың басында елордада 13 жастағы бала 3 күн бойы жоғалып кетіп, денесі ашық жатқан құдықтың ішінен табылған болатын. Сол кезде ел шулап, осы мәселені түбегейлі шешуді сұраған. Әкімдер құдықтарды күңделікті тексеріп тұруды нықтап тұңғырғандай сынай танытқан. Дегенмен өткен оқиғалар сол күйі болмағандай ұмытыла бастады. Ал тұрғындардың ішінде жақыны осындай оқиғаға ұшырағаннан кейін үрейленіп

жүретіндер бар. Мысалы, әлеуметтік желіде Әсем Смағұлова есімді азаматша бұл проблеманың түбі шешілетініне күмән келтіріп, бастан өткен оқиғасын бөлсе.

«Осыдан 5 жыл бұрын сіңілім көз жұмды. Елордадағы ашық жатқан құдықтардың біріне құлаған. Ашық құдықтарды көргенде, ел айттып жатқанда, осы мәселенің бәрібір шешілмейтінін түсіндім» дейді ол.

Кейде жұрт айтқан жүретін «біреу құлап өлмесе, әрекет етпейді» кебі еске түседі. Негізі ашық қалған құдықтарға қатысты өтініштер іКОМЕК 109 бірыңғай байланыс орталығына келіп түседі. Көріз құдығының қақпағы жоқ екенін көрген тұрғындар осы арқылы байланысқа шығып, ескертсе болады. 24 сағат ішінде қақпағын бекітіп кетуі тиіс. Жалпы, әр қалада мыңдаған люк бар. Барлығы өзіндік техникалық сипаттарға ие. Ең қауіптісі – терең құдықтар. Қауіпсіздігін сақтау жұмыстары құдықтын орналасу жері мен қолданылуына қарай жүргізіледі. Ал жабулы жатқан құдықтың шойын қақпағын көбіне үйісіз жүрген адамдар ұрлайды екен. Әкімдіктер келтіретін дәйектің сарыны – осы. Кейін шойын қақпақты металл қабылдайтын орындарға апарып сатады. Бір қарасаныз, металл қабылдау орындары темірлі аса қымбат бағаға қабылдамайды. Бір шойын қақпақтың салмағын орташа есеппен 20 келі деп қарасақ, әрі кетсе 2-3 мың теңгеге бағаланады. Аса көп қаржы емес, бірақ қақпақты қосынке айналдырғандар бар. Бұған дейін елде шойын қақпақ ұрлаумен айналысқан қылмыстық топтар да әшкерә болған. Занды түрде жұмыс істейтін металл қабылдаушылар

кейде зират қоршауын, кабель мен көріз қақпағын алудан бас тартады. Сондықтан көбіне шойын қақпақты өткізетіндер әуелі оны металл сынығына айналдырады. Темір қабылдаушыларға көріз қақпағы барын айтсаңыз, көбіне алмайтын кезітізіп, басын ала қашады. Шамасы, көріз қақпағын саудалау біз болжағандай ашық емес, жасырын жолмен жүзеге асады. Ал шойын қақпақты ұрлағандарға Қылмыстық кодекстің 188-бабы (ұрлық) бойынша жаза қаралады. Сол үшін 100 АЕК көлемінде айыппұл төлейді немесе бір жылға дейінгі мерзімге бастандығынан айырылады.

Бірақ бұған қатысты заң бар екен деп пысықрайтындыр көріз құдығын ажал арнына айналдырып жатқандың ұғынбайтын болса керек. Және бір қозғар мәселе, елімізде көріз қақпақтары дөңгелек пішінде болады. Бұл да кеңес кезінен қалған дағды, жаны арнайы бекітілмейді. Оның зияны не дерсіз, біріншіден, оңай алынады, екіншіден, кейде шенбер пішінде қақпақтың бір жағын басса, екінші бетіне айналып кетуі мүмкін. Ал дамыған елдерде көріз жүйесінің барлық механизмі ойластырылған, көріз қақпағы төртбұрышты пішінде болады, оның үстіне арнайы бекітіледі.

Бір қарағанда ашық жатқан құдық мәселесі шу шығарардай емес, көз үйренген қарабайыр дүние секілді. Алайда кей құлаған адамның өмірін жалмап жатқанда бейжай қарау мүмкін емес. Әсіресе, балалар мен карт кісілерге қиын. Сондықтан азаматтардың бұл мәселеге шыр-пыр болар жөні бар.

# ҰСАҚ-ТҮЙЕККЕ АЛДАНЫП, ҰЛТ БАҒДАРЫНАН ЖАҢЫЛУҒА БОЛМАЙДЫ

Сондай-ақ ел тарихында ерекше орны бар тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрін нығайта түсуге жұмыстар атқарылады. Биыл әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125, даңқты батырлар Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толады. Сонымен қатар тарихшылардың пайымдауынша, Жошы ұлысының іргесі қаланғанына 800 жыл. Бұған қатысты кен ауқымды зерттеулер қолға алынады. Демек осы бағыттағы ғалымдарға ғылыми жоба ретінде зерттеулер жүргізуге таптырмас мүмкіндік деп білеміз.

Президент айтқандай, қазіргі таңда тек қана күнделікті міндеттерден бөлек, ұзақ мерзімге арналған мақсаттарға ден қоюдың мәні зор. Шынымен де біздің қоғам болмысы нәрселерге баса назар аударып, ұсақ-түйекті талқылауға бүкіл күш-қуатын сарп етуде. Барлық тұста тұтынушы қоғам ретінде смартфондағы өзі қалаған бағыттағы ақпаратты қылғытып жүта беретін, талғамы мен эстетикалық көзқарасы ұялы телефонмен айқындалатын, гаджетпен өмір сүретін тұтас ұрпақ қалыптасты. Мұндай пайдасыз істерге алаңдап, ұлттың стратегиялық бағдарынан жаңылмауға тиіспіз.

Себебі көпшілік мұраты қызық кешу философиясына құрылғандығын, бұқаралық сипаты ессіз көптің қасиетіне айналған бұқаралық мәдениет құбылысы ішкі мәнімен көрінбей, тысымен жұрт көзіне түсті. Бұл сипатты жіктік, зерделей келе үлкен мәселе бар екенін аңғарамыз. Алайда басты мәселе толассыз ақпараттар тасқыны мен идеологиялық ұстанымның «жылтыр мәдениеттің» жетегінде екендігінен қауіптенеміз. Ал ежелгі рухани құндылықтардың тынысын тарыту жаппай жұтаудық тудыратыны белгілі. Медиа кеңістік ұсынып отырған мәдени құндылықты қоғам еріксіз қабылдайды, яғни медиа арқылы адамның мәдениеті, мәдени-идеологиялық талғамы тиянақталады. Одан кейін ғаламдық деңгейде осының барлығын қамтитын үлкен бір аксиологиялық карта қалыптасады.

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарнамаланып отырған өркениеттің игілігін мен оларды иемдену арасындағы сәйкессіздік, яғни басқаша айтқанда, қажеттіліктердің шексіз көбеюімен, оларды қанағаттандырудың шектілігі арасындағы қайшылық әлеуметтік анонимия немесе тұлғаның трансминалдык күйге түсуіне алып келуі мүмкін.

Бұл нарықтық тауарларды, ойын-сауықты тұтыну адамдардың өздерін зат арқылы тануын білдіріп, тұтыну немесе заттар фетишизациясы тек қана тұтынушы талғамдық және эстетикалық сұраныстарын анықтамайды, сонымен қатар қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік иерархия мен қатынастарды орнатады. Сондықтан Президент айтқандай, біз озық ойлы ұлт ретінде халқымызды ыдырататын емес, ынтымақтастықты арттыратын бағытты тандауымыз керек. Жалпыұлттық құндылықтар бәрін жоғары тұрғау тиіс. Оның ішінде еңбеккерлік, білімпаздық, кәсібилік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік нағыз отаның, адал азаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар. Халқымыздың қуатын арттырып, табысқа жетелейтін осындай қасиеттер мен құндылықтарды жан-жақты дәріптеп, ұрпақ санасына сіңіру арқылы ғана сапалы ұлтқа айнала аламыз.

Қазіргі таңда ұлттық мәдениет туындылары мен құндылықтарын біз тек тұтыну факторы арқылы байқаймыз. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы Қазақ елінің мерекелерінің төресі және ең көнесі – Өз Наурызды өз деңгейінде өткізуді атап кеткен. Себебі бұл мейрам – тіршілікті түзетін нағыз табиғи жыл басы.

Наурыз – жанару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қалам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді. Бұған да көптеген себептер бар, мысалы, Наурыз тойын өткізу барысындағы ұлттық нақыштағы киімдер киіп жүзуге кезекті қойылым, ұлттық нақышта жасалған заттарды біз тек интерьер үшін қажетті сувенир, тіпті бұқаралық тұтынуға арналған зеректі таралым ретінде таныды.

Елімізде Наурыз мерекесінің тойлануы да бір сарында өткізіліп, жүйелі реттелмей, бірізді тойлаудың жүйесі әлі де қалыптаспай келеді. Қысқасы, Наурыз мерекесіне өз мағынасын жүктеп, оны Жана жыл деңгейіне көтеру әрекетін қолға алу қажет. Ендеше алдағы басым міндет Наурыз мейрамының Жаңа жыл ретіндегі ұлттық мәнін көтеру, мемлекеттік маңызын тереңдету, мерекелік мәдениетімізде институционалды ету болғаны дұрыс.

Наурыз мерекесінің құндылықтарына басымдық беріліп, сахналық кейіптен арылып, негізгі міндеті қарым-қатынас жасау, мәдени ақпаратты жинақтау, синхронизация, тынығу немесе психологиялық, рухани жүлеп-жұтаудың орнын толтыру, қоғамдық пікір қалыптастыру секілді күнделікті өмірді байыту және толықтыруға бағыттау керек.

Мерекенің шынайылығы, ұлттық бояуы басым болса, халықтың жаппай қабылдап, қуана қарсы алатын мерекеге айналар сөзсіз. Сондықтан мереке құндылықтарын жаңартуға талпыныс, терең мән-мағынасын зерттеп, әлі де құндылығын бағалау қажет.

Қоғамда еңбеккерлік пен жасампаздық жоғары бағалануға, білімпаздық пен жаңашылдық салтанат құруға тиіс. Сондай-ақ өмірге деген байсалды және байыпты көзқарас басым болғаны жөн.

Мемлекет басшысы айтқандай, өзін «ұлттың қаймағымыз» деп санайтын кейбір зиялы қауым өкілдері шынымен де өз миссиясын өз деңгейінде атқарып жүрген жоқ. Олар ұлтқа үлгі-өнеге көрсетуді орнына, ұсақ-түйек әңгімелерді қозғатудан, әдеттегідей «біздің халық аса данышпан» деп қайталай беруден немесе қара басының қамын күйіттеп, билікке «жағдайымды жасамады» деп өкпе артудан аса алмай отыр. Оның үстіне қоғамның дерті саналатын адами құндылықтарға сай келмейтін жағымпаздықты мансапқа жетуге пайдаланғандар да жеткіліксіз.

Зиялы қауымның жоқ қоғам болашағы жоқ қоғам десе болады. Себебі қоғамның дамуында өзге әлеуметтік топтарға қарағанда зиялы қауымның жауапкершілігі мол. Біз канчалықты тәрбиелеуіміз еталонды деп қарастырамызбен, бүгінгі күні тарбиесіз адам жоқ. Адам ескен ортасына сай тәрбие алады, осы мәдениеттің өлшемін жүреді. Мәдениет зиялылықтың маңызды бөлігі бола тұра, білімсіз ештеңе бере алмайды. Демек, осы екі элементті бойына сіңіре алған тұлға ғана өзін зиялы қауым қатарына жатқыза алады.

Мемлекеттің адами капиталының әлеуеті, интеллектуалды болашағы үшін сапалы білім, сындарлы ғылым керек. Бұл үшін елдің тыныштығы керек. Бұл кезеңде елдегі тыныштық пен ішкі тұрақтылықтың қоғамдағы барлық азаматтардың саналы әрекетіне байланысты екенін ұғынуымыз қажет. Осыған үлес қосайық.

Жарқынбек ӘБІКЕНОВ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер секциясының жетекшісі, PhD









«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ» – 90 ЖЫЛ



Ертең қазақ газеттерінің ішінде шоқтығы биік басылымдардың бірі «Қазақ әдебиеті» газетінің шыға бастағанына 90 жыл толады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

«Қазақ әдебиетінің» бір дәуірі

Еліміздің әдебиет, мәдениет және өнер басылымына айналған «Қазақ әдебиеті» газетінің алғашқы саны 1934 жылы 10 қаңтарда жарық көрген. Онда «Қазақ әдебиеті» ұлт мәдениетін көтеруде үлкен орын алсын» деген сөз бөтешар ретінде үлкен әріптестермен терілі. Бірінші санынан-ақ, басты мақсаты осылай айқындалды. Алғашқы бас редактор Ғабит Мүсірепов, жауапты хатшы Мұхамеджан Қаратаев болды.

Газет алғашқы жылдары белгілі бір жүйемен жарық көрмесе де өз оқырманын рухани дүниемен сусындатты. Оған дәлел – газеттің таралымы 1934 жылы 1-3 мың көлемінде болса, 1935 жылы 3500-ге жетті. Десе де, 1940-1954 жылдары газеттің шығуы белгісіз себептермен тоқтап қалды. 15 жылдық үзілістен кейін 1955 жылдың қаңтар айында қайта шыға бастады. Қайта жарық көрген басылымның бас редакторы Сырбай Мәуленов болды. Осы жылдан бастап газет бір жүйеге түсіп, өзіндік жолын қалыптастырды.

1956 жылы газет бетінде аса өзекті ұлттық мәселелер көтерілген кезең болды. Осы жылдары Р.Бердібаевтың «Ең үлкен мәдени байлық», Ә.Нарымбетовтің «Ана тілін ардақтайық», М.Қаратаевтың «Қайта қарауды қажет ететін мәселе», Партия тарихы институтының бір топ ғылыми қызметкерлері Т.Қайышев, Р.Сәрсенбаев, Х.Хасенов, Т.Әлімқұлов, А.Байшин, А.Муктаров, Қ.Әбілдаев, Қ.Әлінасқаров қол қойған «Тіл мәдениеті» атты мақалалары бірінен соң бірі жарық көрді. Бұл жарияланымдар қазақ қоғамын дүр сілкіндірді.

Бұдан кейінгі жылдары да «Қазақ әдебиеті» газеті елдің рухани-мәдени әлеуетінің дамуына зор үлес қосып, ақын-жазушылардың шығармаларын үздіксіз насихаттап, қаламгерлердің шығармаларын талдан-таразлайтын сын мақалалар жариялады.

Соның нәтижесі болар, қазақ әдебиетін дамыту жөніндегі жемісті жұмысы үшін басылым 1984 жылы өзінің 50 жылдық мерейтойында «Халықтар достығы» орденімен марапатталған.

«Қазақ әдебиеті» – ұлттымыздың рухани айнасы, еліміздің әдебиеті мен мәдени өмірін жан-жақты қамтитын басылым. Аппалық өнершілігіш оқырман қауымының эстетикалық талғамын тәрбиелеуде елеулі рөл атқарды.

Басылым қазақ әдебиетінің жоғары идеялық көркемдік сапасын арттырып, көркем өнердің өмірді танытушылық ролі мен эстетикалық-тарбиелік мәнін арттыру үшін күреседі. Әдебиет пен өнердің халық өмірімен тығыз байланыста болуына көмектеседі. Оның беттерінде қазақ ақын-жазушыларының өлең, жыр, дастандары, әңгіме, очерктері, роман, повестерінен үзінділер, байырғы мәдени қазынамыздың ел аузында жүрген асыл үлгілері, көне тарихымызға қатысты деректер мен археологиялық-этнографиялық мұралар, қазақ әдебиетінің өткені мен бүгінгі және келешегі жайлы байытты әдеби-сын мақалалар, елдік елеулі мәселелер, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени оқиғалар жөнінде публицистік өткір ой-толғаулар, дүниежүзі классиктерінің үздік туындыларынан аудармалар жарияланады.

Сонымен бірге оқу-ағарту, білім, ғылым саласындағы әр алуан көкейкесті мәселелерді сөз етеді. Кино, театр, сымбат, қолөнердің келеді тақырыптарын кеңінен толғап, белгілі әдебиет, өнер қайраткерлерімен сұхбат жүргізіп, олардың жана шығармашылық туындыларын оқырмандарға таныстырып отырады.

«Қазақ әдебиеті» газеті – аты көрсетіп тұрғандай мемлекетіміздегі бірден-бір әдеби басылым. Мыңға тарта ақын-жазушылардың тікелей мінбері. Қоғамдық, саяси, әлеуметтік мәселелерді көтерген кезде қазақтың мүддесі арқылы өрбиді. Мұнда халқымыздың таңдаулы ғалымдары, ойшылдары, түрлі сала мамандары сөйлейді. Көбіне ұлттық болмысымыздың бүгінгі таңдағы өзгеріс құбылыстарына үңілу басым. «Қазақ әдебиеті» бұл – бір жағынан алып қарасаң көп дауысты газет. Бұнда ұлттың болашағына алаңдан қана қоймай, қайткенде де қазақ болып қалуың жолдарын қарастырып, болашағына батыл қадамдар жасалады және оған Қазақстандағы интеллектуалдық күштер молынан тартылған» дейді бұрын «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы болған Жұмабай Шантәуілұлы.

Әдебиетшілерді біріктірген, қазақ әдебиетін дамытуға жұмыс жасаған бірегей газет ұзақ жылдар бойына «қазақ» деген сөзге де, «әдебиет» деген сөзге де әр уақыт лайық болып келеді.

Тарихы терең басылымның әлі де берері көп. Алдағы уақытта да өз оқырмандарын тұшымды дүниелермен сусындататынына сенім мол.

Шалтыныс және табыс



Кәсіп көзінің интернетке ойысуы түрлі саладағы жаңашылдықты қалыптастырды. Бұрынғыдай базар сәресінде өнімді саудалау азайып, ғаламтор арқылы тұтынушы табу өріс алып келеді. Қазіргідей заман дамыған шақта бұл өдіс өз жемісін беріп, сатып алушы саны өселеп артуда. Қазақстандық кәсіп иелері де жеңіл тәсілге көшіп, ғаламтордың игілігін көріп жатыр. Осындай интернет дүкеннен табыс табуудың жолын қалыптастырған кәсіпкердің бірі – Гүлзира Пайызрахманова.

Ақтөлеу БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Ол «Pinduoduo», «Wildberries», «1688», «Taobao» және «Kaspi.kz» сауда желісінде әлемдік бизнесінің даму қарқынына ілесуде. Кәсіпкер мұнымен шектелмеген. Өзі жеке қарго ашып, Қытайдан зат тасымалдауды қолға алған.

– Бастапқыда көптеген кәсіп түрін қолға алу туралы ой болды. Бәрінің өзіне тән қиындығы мен шығынын ескеріп, ең оңтайлы жолды таңдадым. Сөйтіп әлемдік нарыққа шыққан сауда дүкендерінде бизнесімді жүргізе бастадым. Қазір онлайн тапсырыс беріп, Қытай елінен тауар алдырып, отандық нарыққа саудамен айналысамын. Ресейге де тұрмыстық заттарды саудаладым. Жалпы, бұл тұтынушы үшін де, саудагер үшін де тиімді ұсыныс деп білемін. Оның үстіне Қытаймен сауда – отбасылық бюджетті үнемдеу үшін керемет әдіс. Ал жеке қаргоға келсек, маған басқа тасымалдаушылардың сервисі ұнамады. Атап айтсақ, жеткізу уақыты тым ұзақ әрі тарифі

қымбат. Базардағы бағадан да асып түсті. Қытайдан алған заттыңды былай қойғанда, одан 2-3 есе жоғары бағамен жолына төлейсің. Осыдан соң өзіме қолайлы жағдай жасау үшін іздене бастадым. Сөйтіп, онлайн сауда арқылы түрлі тауарға тапсырыс беріп, тасымалдау ерекшелігі, баға көрсеткіші мен жеткізу әдісі туралы ақпараттарды зерттедім. Бәрін анықтаған соң осы шаруаны қолға алдым. Бүгінде тапсырыспен алдырған өнімнің бағасын қолжетімді ету арқылы тұтынушы санын арттыруға қол жеткізіп отырмын, – дейді ол.

Кәсіпкердің айтуынша, шетелден келген өнімнің сапасы жоғары, бағасы арзан болады. Оған қоса, тапсырыс санының артуына орай, бонустар мен акциялар тұрақты жүргізіледі. Мұндай маркетингтік қалам интернет дүкенінің өріс алуына ықпал жасауда.

– Отандық интернет дүкендердің басым бөлігі өнімді сырттан әкеледі. Керекті тауардың түрі мен санын

таңдап, артық шығыннан арылу бәрі үшін табысты шешім екені анық. Алайда мұндай әдіс уақытты талап етеді. Мәселен, біздің қойма Гуанчжоу қаласында орналасқан. Өзгелерге қарағанда келендік бақылау, арақашықтықты қоса есептегенде тауарды межелеген орныға 8-14 күн аралығында жеткіземіз (уақыт Қытай қоймасынан шыққаннан бастап есептеледі). Тағы бір артықшылығымыз, тауарды толық сақтандыру қарастырылған, яғни, тұтынушыға зат жеткенше қандай да бір келенсіздік туындаса, ақшасын толық төлеп береміз, – дейді кәсіпкер.

Гүлзира Әбдірахидқызының осы нарықта табыс тауып жүргеніне 2 жылға жуықтаған.

Оның ойынша, интернет дүкенінің ең оңтайлы – тағамдар мен жеміс-жидектерді саудалау. Себебі, жол қиындығы мен тасымалдау уақыты салдарынан тез бұзылатын және ерекше талапты қажет ететін өнімдер саудаланбайтын көрінеді. Саудаланса да, келендік тексерісте біраз тұрып қалуы мүмкін. Сондықтан тапсырыс берушілерге сұйық заттарды алмауға кеңес береді екен. Ал құрғақ тағамдар аса бір қиындық тудырмайды дейді ол. Кәсіпкер алдағы уақытта аталған келерінің шешім табуын қалайды. Себебі дамыған елдерде қажетті тағам түрін тапсырыспен шет елден алдыру әдісі кең қолданысқа ие. Бизнесіңіз ермен жаюы үшін кез келген тиімді амалды қолдану маңызды екенін ескерсек, бұл мәселені шешім табатын уақыты алыс емес секілді.

– Интернет дүкенде үнемі қырағы болу қажет. Қаржы аяқтарынан өзге, өнімнің ерекшелігі мен санын таңдауда абай болмасаңыз, шығынға ұрынудың мүмкін. Тағы бір қажетті дағды есебінде тіл менгеруді айтар едім. Әлемдік интернет дүкендердің 90 процентке жуығы ағылшын және қытай тілінде. Сондықтан тіл менгеруге назар аударған жөн. Ол сізге тауардың сапасын бақылауға, өнім өндіруші және жеткізушімен кері байланыс орнатып, өз талабыңызды қоюға мүмкіндік жасайды. Кейде даулы мәселеде сіздің талабыңыздың орындалуына да тікелей әсер етеді, – дейді кәсіпкер.

Үш түрлі платформаны қолданатын кәсіпкер алда аудандардан қарго филиалын ашып, шетелден тауар тасымал. Балалар киімін сататын дүкен ашып, Қытай зауыттарымен сөйлесіп жеке бренд қалыптастыру ойында бар.

Орайы келгенде айта кетейік, 29 жастағы кәсіпкер – Қызылорда қаласының тумасы. Қорқыт ата атындағы университетте есеп және аудит мамандығын алып, кейін магистратурада мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығын үздік бітірген. 19 жасынан бастап әртүрлі кәсіппен айналысқан ол қазір «Азамат» көлік жүргізу мектебінің директоры.

МУЗЕЙДЕГІ МҰРА ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ТАҚТАСЫ



Тоғызқұмалақ ойынына арналған ағаш тақта Тереңөзек ауданы «Қайрат» ерікті спорт қоғамының төрағасы Нәрседдин Тілеубаевтың тапсырысымен 1990 жылдары жасалған. Жасаған жергілікті қолөнер шебері Исламхан Көшенов.

Аудан спортшылары дайындалып, көптеген жарысқа қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Олардың қатарында халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы Айнур Жақпабаева, тоғызқұмалақтан ауданның алғашқы спорт шебері Кенбай Қарашаев және тағы басқалар бар.

Осы тақта арқылы Елеусіновтер отбасы тоғызқұмалақ ойынын үйренген. Құмалақ орнына бұрышақ дәндерін пайдаланған. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген спорт шебері, тоғызқұмалақтан Әлемнің үш дүрлік чемпионы Хакимжан Елеусінов ойымен осы тақта арқылы танысқан есіне алады. Бұл ағаш тақтада үйренген шеберлер талай жетістікке жетті. Қазір оны Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейінің көрме залынан көпшілік көріп тамашалауға болады.

Ә.ШОЖЕЕВ, Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері

ДЕНСАУЛЫҚ

Облыс бойынша қызылша ауруының эпидемиологиялық ахуалы тұрақтануға бет алды. Қараша айында ауруға шалдығудың 501 дерегі тіркелсе, желтоқсанда 474 жағдай анықталған. Осы орайда мамандар аурудың төмендеу тенденциясы байқалатынын айтады.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

ҚЫЗЫЛША ҚАРҚЫНЫ БӘСЕҢДЕП КЕЛЕДІ

– Кейінгі мәліметтерді салыстыра отырып, аурудың төмендеу тенденциясын байқаймыз. Бұл ретте қызылшаға қарсы қосымша жаппай иммунитетке қосымша тиімділігін көруге болады. 2023 жылдың 6 қарашасынан басталған шара аясында 60 мыңға жуық адам ауруға қарсы екпе алды. Бүгінде ұжымдық иммунитет қалыптасып келеді. Дегенмен эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандырып, вирус айналымын әлсірету үшін әлі де тиісті контингент екі емен қамтылып, қорғаныш қабілетін нығайту керек. Қазір аймағымыздағы барлық емханаларда қызылшаға қарсы қосымша иммунитетке жалғасып жатыр. Екпелен кейінгі асқын жағдайлары орын алған жоқ, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бастысы Динара Жаңабегенова.



руға қарсы екпе алмағандығын көрсетті.

Бұл өз кезегінде қызылша инфекциясынан сақтанудағы екі емен қажеттілігін тағы бір дәлелдеуде. Осыған байланысты мамандар ата-аналарды 6-11 айлық сәбилерін, 2-5 жас аралығындағы балаларын ауруға қарсы етуге шақырады. Бұдан бөлек, Ұлттық ету күнтізбесіне сәйкес әрбір бала 12-15 айлығында және 6 жасында қызылша, қызғандық пен паротитке қарсы вакцина алуы қажет.

Жалпы былтыр барлығы 1682 қызылша жұқтыру дерегі анықталған. Ал жана жылда 30 дерек тіркелді. Эпидемиологиялық мониторинг қызылша індетіне шалдыққандардың басым бөлігі ау-



ҒЫЛЫМ ҺӘМ ҒАРЫШ

Үнді зымыраны жылды ашты

2024 жыл бастала сала, 1 қаңтарда Үндістан ғарыштық зерттеулер ұйымы (ISRO) Сатиш Дхаван атындағы ғарыш орталығынан жылдың бірінші орбиталық миссиясын сәтті ұшырды. Былтыр Күн-Жер жүйесінің L1 Лагранж нүктесіне Aditya-L1 ғарыштық телескопын жеткізген Бхарат елі енді төмен жермаңы орбитасына 91 Falcon ренгтен-поляриметриялық телескопын шығарды.

XPoSat – ренгтен сәулесінің астрономиялық көздерін зерттейтін мамандандырылған поляриметриялық миссия. Жана телескоптың негізгі POLIX аспабы 8-30 кэВ орта энергиялы фотонық поляризациялану деңгейі мен бұрышты әлеумете арналған. Ал XSPECT аспабы 0,8–15 кэВ энергия диапазонында спектроскопиялық ақпарат жинайды.

PSLV зымыранының 4-сатысына орнатылған POEM-3 эксперименттік орбиталық модуліндегі 10 ғылыми жүктеме түрлі эксперимент жасайды. Орташа зымыраның 60 ұшырылымының 57-сі сәтті өткен екен. ISRO жалпы 92 зымыран ұшырса, соның 77-сі (соңғы 10-ы қатарынан) өз міндетін жақсы орындаған.

SpaceX-тың 300-саяхаты

Биыл 3 қаңтарда SpaceX компаниясы жылдың алғашқы

миссиясын орындады. Ванденберг базасының SLC-4E ұшыру алаңынан көтерілген Falcon 9 зымыраны Starlink-7.9 миссиясы аясында кезекті 21 дана Starlink v2 Mini интернет-жерсерігін төмен жермаңы орбитасына шығарды. Осылайша кезінде «жер жүзіне тегін интернет» бастамасын көтерген компания жобасының кезекті әрекеті сәтті болды.

B1082 жана бірінші сатысы OCISLY платформасына сәтті қонған. Жана үлдіктің қатарға қосылуы – сирек оқиға, мысалы былтыр ұшырылған 91 Falcon тоғыздан төртеуі ғана жана бірінші сатымен жабдықталған еді. Бұл – компания тарихындағы 300-орбиталық ұшырылым болды. Олардың төртеуі ғана апатқа ұшыраған.

Миссияның тағы бір ерекшелігі – жерсеріктің алтауы модификацияланбаған қарапайым телефондар. Оларға тікелей қосыла алатындай етіп жасалған. Starlink T-Mobile байланыс операторымен бірлесіп отырып, АКШ-тағы 2000 мобилді құрылғымен сынақ өткізеді. Ол SMS жіберуден басталады, ал келесі жылға қарай дауыстық қолырау мен дерек жіберу іске аспак. SpaceX жана қызмет көрсету туралы АКШ, Канада, Швейцария, Чили, Жапония, Аустралия мен Жана Зеландияның 7 мобилдік операторымен келісім жасасып қойған.

Бір тәулік өтпей, жылдың екінші миссиясы да ұшырылды. Ovzon-3 швед жерсерігін геопетлі орбитаға шығарған Falcon 9 құрылға аман қонды.

Дайындаған: Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.